**Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын ( Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарын, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығаруды ынталандыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 21 шілдедегі № 263 және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 29 шілдедегі № 400 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 4 тамызда № 23867 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексінің 388-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын ( Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарын, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығаруды ынталандыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша кейбір бірлескен бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі* — *Б. Атамкулов*

*Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а.* — *С. Брекешев*

Министра индустрии и
инфраструктурного развития
Республики Казахстан
от 29 июля 2021 года
№ 400 и
И.о. министра экологии,
геологии и природных ресурсов
Республики Казахстан
от 21 июля 2021 года
№ 263 бұйрығымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарын, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын жасап шығаруды ынталандыру қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарының, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ынталандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексі 388-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарының, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ынталандыру тәртібін анықтайды.

2. Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының ( Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарының, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ынталандыру:

1) олардың өндірушілерін мынадай бағыттар: жұмыс орындарын күтіп-ұстау; энергия ресурстарын пайдалану; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді жүзеге асыру; өнім шығарумен байланысты сынақтарды жүргізу; кепілдік міндеттемелерін қолдау бойынша қаржыландыру;

2) жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасында өндірілген көлік құралын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын Қазақстан Республикасының аумағында сатып алу кезінде оларға өндіруші берген жеңілдікті қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) құрамдастары – автомобиль көлік құралдары конструкциясының құрамдас бөліктері, бөлшектері, тораптары, құраушы бұйымдары, материалдары, химиялық, лак-бояу өнімдері және көлік құралдарын өндіру үшін қажетті өзге де құраушылары;

2) автомобиль көлік құралы – автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, троллейбустарды, автомобиль тіркемелерін, отырылатын тартқыштардың жартылай тіркемелерді, сондай-ақ мамандандырылған (белгілі жүк түрлерін тасымалдауға арналған) автомобильдерді және арнайы (әртүрлі негізінен көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған) автомобильдерді қосатын автомобиль көлігінің жылжымалы құрамының бірлігі;

3) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы – жекелеген операцияларды немесе технологиялық процестерді механикаландыру және автоматтандыру жолымен ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыруға арналған, жұмыс көлемі 50 текше сантиметрден асатын іштей жану қозғалтқышының көмегімен өздігінен қозғалысқа түсетін техникалық құрал немесе ең жоғары (жиынтық) қуаты 4 кВт асатын электр қозғалтқыш(тар);

4) өндірушілер – Қазақстан Республикасының аумағында өндірушілердің ( импорттаушылардың) Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексінің 386-бабының 1-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің тізбесіне (бұдан әрі - тізбе) сәйкес өнім (тауарлар) және олардың құрамдастарының өндіруді жүзеге асыратын жеке мен заңды тұлғалар;

4. Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын ( Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген

экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) (бұдан әрі – экологиялық таза көлік құралдары) өндіруді ынталандыру өндірушіге мынадай талаптар орындалған кезде ұсынылады:

1) өндіруші Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген;

2) өндірушіге өндірушінің халықаралық сәйкестендіру нөмірі (WMI-код) берілген және өндіруші жеке сәйкестендіру нөмірін (VIN-кодын) автомобиль көлік құралдарының шанағының (кабинасының), шассиінің ажыратылмас құраушыларына немесе арнайы жасалған нөмірлік тақтайшаларға жазу бойынша операцияларды жүзеге асырады.

3) мынадай экологиялық таза: Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электрлі қозғалтқышы бар автомобиль көлік құралдарының кем дегенде біреуін өндіруді жүзеге асыру;

4) моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімнің немесе көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы қолданыстағы келісімнің болуы.

5. Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарына құрамдастары өндірісін ынталандыру мынадай талаптар орындалған кезде өндірушіге беріледі:

1) өндіруші Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген;

2) өндіруші экологиялық таза автомобиль көлік құралының құрамдасына сәйкестендіру нөмірін енгізу жөніндегі операцияларды жүзеге асырады;

3) экологиялық таза автомобиль көлік құралдарына құрамдастар өндіруді жүзеге асыру;

4) көлік құралдарына және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасына құрамдастарды өнеркәсіптік құрастыру туралы қолданыстағы келісімнің болуы.

6. Қазақстан Республикасында техникалық регламенттерде анықталған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының (бұдан әрі – экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы) өндірісін ынталандыру мынадай талаптар орындалған кезде өндірушіге беріледі:

1) өндіруші Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген;

2) өндіруші өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының негізгі құрамдас торабына (шанақ, кабина, қаңқа, шасси) арнайы дайындалған нөмір маңдайшаларға сәйкестендіру нөмірін тағу жөніндегі операцияларды жүзеге асырады;

3) техникалық регламенттерде анықталған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді жүзеге асыру;

4) ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы қолданыстағы келісімнің болуы.

**2-тарау. Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының және олардың құрамдастарының, сондай-ақ экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ынталандыру тәртібі**

7. Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының және олардың құрамдастарының, сондай-ақ экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ынталандыру өндіруші мен өндірушілердің ( импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (бұдан әрі – Оператор) арасындағы осы Қағидалардың 2-тармағында белгіленген бағыттар бойынша өндірушілерді қаржыландыруды беру шартының (бұдан әрі – қаржыландыру шарты) негізінде жүзеге асырылады.

8. Қаржыландыру шарты осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын және олардың құрамдастарын өндірушілер мен Операторы арасындағы үлгілік шарт нысанының, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілер мен Операторы арасындағы үлгілік шарт нысанының негізінде жасалады.

9. Қаржыландыру шартын жасасу үшін өндіруші Операторға мынадай құжаттарды қоса беріп, қаржыландыру шартын жасасу туралы өтініш (еркін нысанда) ұсынады:

1) заңды тұлға үшін өндірушінің құрылтай құжаттарының көшірмелері немесе жеке тұлға үшін жеке куәліктің көшірмесі және жеке кәсіпкерлер тізілімінен үзінді;

2) өндірушінің басшысы және бас бухгалтері (болған кезде) қол қойған, өндірушінің мөрімен бекітілген (болған кезде), оған қаржыландыру аударылатын өндірушінің банктік деректемелері және есеп шоттары көрсетілген анықтама;

3) WMI-кодын беру құжатының өндірушінің басшысы растаған көшірмесі ( экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын өндірушілер үшін);

4) моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімнің немесе индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімнің көшірмелесі (экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын өндірушілер үшін);

5) индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен көлік құралдарына және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасына құрамдастарды өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімнің көшірмесі (экологиялық таза автомобиль көлік құралдарына құрамдастарды өндірушілер үшін);

6) индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімнің көшірмесі ( экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілер үшін) .

7) заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама;

8) көлік құралының типін мақұлдауының немесе көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктің немесе Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес сәйкестікті бағалау туралы өзге де құжаттың басшысы растаған көшірмесі (экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын өндірушілер үшін).

9) Техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сәйкестікті растаушы органмен берілген, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық техникасының сәйкестік сертификатының көшірмесі (экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілер үшін).

10. Оператор осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес өндірушілер ұсынған қаржыландыру шарттарын жасасу туралы өтініштерді олар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды және өндірушілермен қаржыландыру шартын жасасады не өндірушіге осындай шарт жасасудан жазбаша нысанда бас тартады.

11. Ұсынылған құжаттар мен оларда бар мәліметтердің толық болмауы және/немесе осы Қағидалардың 4 немесе 5 немесе 6, 9-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі Қаржыландыру шартын жасасудан бас тарту үшін негіздер болып табылады.

12. Осы Қағидалардың 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қаржыландыруды алу үшін қаржыландыру шарты жасалған өндіруші Операторға қағаз немесе электрондық (Оператордың ақпараттық жүйесі арқылы) түрде қаржыландыру өтініші ( Оператормен келісілген нысан бойынша) мен мынадай қосымша құжаттарды ұсынады:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңге есептелетін жалақыны төлеуге, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша сақтандыру жарналарына ақша аударуға шығындар, әлеуметтік салық, қызметкерлер еңбек ( қызметтік) міндеттерін орындаған кезде оларды жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға кететін шығындарын қаржыландыру есептемесін (бұдан әрі - жұмыс орындарын күтіп ұстауға кететін шығындардың бір бөлігін қаржыландыру);

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірістік мақсаттарда пайдаланылатын электр және жылу энергиясын төлеуге кететін шығындарын қаржыландыру есептемесін (бұдан әрі - энергия ресурстарын пайдалануға кететін шығындардың бір бөлігін қаржыландыру);

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді жүзеге асыруға қатысатын өндіруші қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді орындаумен тікелей байланысты материалдық шығыстар, бөгде ұйымдардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді жүзеге асыруы бойынша көрсетілетін қызметтерінің құнына кететін шығындарын қаржыландыру есептемесін (бұдан әрі - ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыруға кететін шығындардың бір бөлігін қаржыландыру);

осы Қағидаларға 6-қосымшаға не 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша автомобиль көлік құралдары мен олардың құрамдастарының және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының сынақтарын жүргізумен байланысты, өнімді шығарумен байланысты автомобиль көлік құралдарының үлгілері мен олардың компоненттеріне және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасына сынақтар жүргізу орындарына дейін және кері қарай тасымалдауға байланысты шығындардың бір бөлігін қаржыландыру есептемесін;

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша M санатты, соның ішінде, жүріп өту мүмкіндігі жоғары G санатты автомобиль көлік құралдарына қатысты кепілдік міндеттемелерін қолдаумен байланысты қаржыландыру есептемесін;

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша N санатты, оның ішінде, жүріп өту мүмкіндігі жоғары G санатты автомобиль көлік құралдарына қатысты кепілдік міндеттемелерін қолдаумен байланысты қаржыландыру есептемесін;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасына қатысты кепілдікті міндеттемелерді қолдауға байланысты қаржыландыру есептемесін;

осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экологиялық таза көлік құралдарына құрамдастарына қатысты кепілдікті міндеттемелерді қолдауға байланысты қаржыландыру есептемесін;

қаржыландыруды өндіруші өз қалауы бойынша пайдалану құқығы бар кепілдік міндеттемесін қолдауды қоспағанда, осы Қағидалардың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәлімделген шығындар бөлігінде өнімнің (бір бірлігінің) өзіндік құнының бекітілген жоспарлы калькуляциясын.

Осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының өндірісі туралы есепті және (немесе) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіру және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экологиялық таза көлік құралдарының құрамдастары туралы есепті өндіруші қаржыландыруды беру туралы өтініші берілген күні Операторға ұсынады.

13. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және өткізуге жататын ( өткізілген) бір экологиялық таза автомобиль көлік құралының және (немесе) оның құрамдастарының немесе экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының бір бірлігінің осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес қаржыландыру сомасы қозғалтқыштарының тиісті көлемдері, қозғалтқыштарының қуаты мен толық ( техникалық рұқсат етілген максималды) массасының көрсеткіштері бар автомобиль көлік құралдарының санаттары және (немесе) олардың құрамдастарының атаулары немесе өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының түрлері бөлінісінде өткен күнтізбелік жыл үшін (көрсетілген автомобиль көлік құралы және (немесе) оның құрамдастары немесе өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы өндірілген

жылға қатысты) осындай қаржыландырудың сомаларының орташа арифметикалық мәнінен аспауға тиіс.

Электрлі қозғалтқыштары бар М1 санатты автомобиль көлік құралдарын қаржыландыру, басқа да қаржыландыру үшін, осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген қаржыландыру сомасы, өткен күнтізбелік жылдың айлық есептік көрсеткішіне қатынасы бойынша экологиялық таза автомобиль көлік құралының және (немесе) оның құрамдастары немесе экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы өндірілген өткен күнтізбелік жылдың айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне пропорционалды, сондай-ақ автомобиль көлік құралдарының санатына және (немесе) олардың құрамдастарының атаулары немесе ауыл шаруашылығы техникасының түріне қатысты өндіріс күні қолданыста болған кепілдікті міндеттемелерді қолдауға байланысты қаржыландыру мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшерінің пропорцианалды өзгеруіне түзетіледі.

14. Осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес қаржыландыру сомасын Оператор Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті жылға арналған инвестициялық саясатында мынадай тәртіппен айқындайды немесе түзетеді:

индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган өндірушілер мен автомобиль көлік құралдарының санаттары және (немесе) олардың құрамдастарының атаулары, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы қозғалтқышының қуаты бөлінісінде қаржыландыру көлемі туралы ұсынысты қалыптастырады және операторға жібереді;

Оператор индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның ұсынысы негізінде инвестициялық саясаттың тиісті бөліміне қаржыландыру көлемін қосады, ол бес жұмыс күні ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға келісуге жіберіледі;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган алынған инвестициялық саясатты он жұмыс күні ішінде келіседі немесе осы тармақта көзделген рәсімдер сақталмаған кезде оны келісуден бас тартады.

15. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және өткізуге жататын ( өткізілген) экологиялық таза автомобиль көлік құралын және (немесе) олардың құрамдастарын, сондай-ақ экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыру, осы Қағидалардың 16-тармағына сәйкес басқа қаржыландыру жүзеге асырылған автомобиль көлік құралдарына, сондай-ақ өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасына берілмейді.

16. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және осы Қағиданың 13-тармағында қарастырылмаған бір экологиялық таза автомобиль көлік құралының және (немесе) оның құрамдастарының немесе экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының бір бірлігінің осы Қағидалардың 2-тармағының 1)

тармақшасында белгіленген бағыттар бойынша осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес басқа қаржыландыру сомалары (бұдан әрі – басқа қаржыландыру) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және өткізуге жататын (өткізілген) экологиялық таза автомобиль көлік құралы және (немесе) олардың құрамдастары немесе экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы қозғалтқыштарының тиісті көлемдері, қозғалтқыштарының қуаты және толық ( техникалық рұқсат етілген максималды) массасының көрсеткіштері бар автомобиль көлік құралдарының санаттары және (немесе) олардың құрамдастарының атаулары немесе өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының түрлері бөлінісінде өткен күнтізбелік жыл үшін (көрсетілген автомобиль көлік құралы және (немесе) оның құрамдастары немесе өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы өндірілген жылға қатысты) қаржыландыру сомаларының орташа арифметикалық мәнінен аспауға тиіс.

Экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының құрамдастарын өзге де қаржыландыру осы Ереженің 14-тармағында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында өткізуге (өткізілген) жататындары сияқты жүзеге асырылады.

Экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының құрамдастарын басқа қаржыландыру көлемін айқындау үшін индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өкілдерінің, экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының құрамдастарын оператор мен өндірушінің қатысуымен құрамдастарды қаржыландыру көлемін айқындау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – комиссия) құрады. Осындай қаржыландыру көлемі комиссия отырысының хаттамалық шешімімен айқындалады және оны индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалардың 14-тармағында айқындалған тәртіппен ұсыныс ретінде оператордың атына жібереді. Шешім комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген басқа қаржыландыру сомасы өткен күнтізбелік жылдың айлық есептік көрсеткішіне қатынасы бойынша экологиялық таза автомобиль көлік құралының және (немесе) оның құрамдастарының немесе техникалық регламенттерде анықталған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы өндірілген күнтізбелік жылдың айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне пропорционалды, сондай-ақ автомобиль көлік құралдарының санатына және (немесе) олардың құрамдастарының атаулары немесе ауыл шаруашылығы техникасының түріне қатысты өндіріс күні қолданыста болған кепілдікті міндеттемелерді қолдауға байланысты қаржыландыру мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшерінің пропорцианалды өзгеруіне түзетіледі.

17. Экологиялық таза автомобиль көлік құралдары мен экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын басқа қаржыландырудың жалпы сомасын

Оператор қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген өзінің тиісті жылға инвестициялық саясатында келесі тәртіп бойынша айқындайды немесе түзетеді:

Индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган өндірушілердің ұсыныстары негізінде тиісті күнтізбелік жылға басқа қаржыландырудың көлемі туралы ұсыныстарды Операторға жолдайды;

Оператор бес жұмыс күні ішінде индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның ұсыныстарын өзінің қаржы мүмкіндіктері тұрғысынан талдайды. Талдау қорытындысы бойынша Оператор индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға негіздемені қоса бере отырып, басқа қаржыландыру ретінде бөлуге болатын қаражаттың көлемі туралы ақпаратты жолдайды;

Индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган басқа қаржыландыру ретінде бөлуге болатын Операторда бар қаражат көлемінің шегінде өндірушілер мен автомобиль көлік құралдарының санаттары және (немесе) олардың құрамдастарының атаулары, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы қозғалтқышының қуаты тұрғысында басқа қаржыландыру көлемі туралы бес жұмыс күні ішінде ұсыныстарын жасайды және Операторға жібереді;

Оператор индустриялық қызметті, мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның ұсыныстары негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға бес жұмыс күні ішінде келісуге жолданатын Инвестициялық саясаттың тиісті бөліміне тиісті күнтізбелік жылда басқа қаржыландыру көлемін қосады;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде, қабылданған Инвестициялық саясатты келіседі немесе, егер осы тармақта көзделген рәсімдер сақталмаса, оны мақұлдаудан бас тартады.

18. Басқа қаржыландыру осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында өндіру және өткізу кезінде қаржыландырылып қойған автомобиль көлік құралдары, сондай-ақ өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы бойынша берілмейді.

Басқа қаржыландыруды алу үшін қаржыландыруға шарт жасаған өндіруші Операторға осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды, Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес кедендік декларацияларды және ( немесе) тауарлардың ілеспе құжаттарын қоса беріп, осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысанда өтініш ұсынады.

19. Осы Қағидалардың 13-тармағына және 16-тармағына сәйкес қаржыландыру үшін ұсынылған (басқа қаржыландыру) автомобиль көлік құралдарының және (немесе) олардың құрамдастарының және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының белгілі санатына өткен күнтізбелік жылы (осы Қағидалардың 13-тармағының бірінші немесе 16-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген өндірілген

автомобиль көлік құралдарының және (немесе) олардың құрамдастарының және ( немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының жылына қатысты) қаржыландыру болмаса, осындай санатты автомобиль көлік құралдарының және ( немесе) олардың құрамдастарының атаулары және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының түрлерінің қаржыландырылуы (басқа қаржыландырылуы ), осы Қағидаларға 9, 10 және 11-қосымшаларға сәйкес, кепілдік міндеттемелерді қолдауға байланысты, олардың өндірілген жылы әрекет еткен қаржыландыру мөлшерлемесінің олар үшін қарастырылған ең жоғары мөлшерінің шегінде жүргізіледі. Бұл жағдайда басқа қаржыландырудың сомасы, осы Қағидалардың 17-тармағында көзделген тәртіппен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілеттік органмен келісілген, Оператордың тиісті жылға Инвестициялық саясатында қосымша анықталады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

20 тармақ 2021 жылғы 19 қаңтардан 2022 жылғы 18 қаңтарға дейін берілген жеңілдік сертификаттарының қолданылу мерзіміне қатысты 01.01.2024 дейін қолданылады - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.11.2022 № 697 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.11.2022 № 631 бірлескен бұйрығымен.

20. Осы Қағидалардың 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қаржыландыруды алу үшін қаржыландыру шарты жасалған өндіруші Операторға алдыңғы ай ішінде сатып алушылардан пайдаланудан шығарылған автомобиль көлік құралын және ( немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын кәдеге жаратуға тапсыруды растайтын, Қазақстан Республикасында өндірілген, Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль көлік құралын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жеңілдік алу құқығын көздейтін, оларды беру тәртібі оператормен анықталатын, осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжат (бұдан әрі – жеңілдікті сертификаттары) алғанын растайтын құжаттарды қоса беріп, Қазақстан Республикасында өндірілген экологиялық таза автомобиль көлік құралын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өткізу кезінде жеке және заңды тұлғаларға берген жеңілдікті қаржыландыруды беру туралы өтінішті (Оператормен келісілген нысанда) қағаз және ( немесе) электронды (Оператордың ақпараттық жүйесі арқылы және (немесе) электрондық құжат айналымы жүйесінің) түрде айына екі рет ұсынады.

Жеңілдіктің мөлшері жеңілдік сертификатында көрсетіледі және теңгемен көрсетілген соманы білдіреді.

Жеңілдік сертификаты берілген кезден бастап бір жыл ішінде қолданылады және ол берілген кезден бастап үш реттен аспай өзге тұлғаларға берілуі мүмкін. Өзге тұлғаларға сертификатты беру оның қолданыс мерзімін өзгертпейді.

Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілген кезеңде қолданылу мерзімі аяқталатын жеңілдік сертификаттары бір жылға ұзартылады.

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген экологиялық таза автомобиль көлік құралын және (немесе) экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жеңілдік бір сатып алынатын автомобиль көлік құралына бір бірлігіне екіден аспайтын жеңілдік сертификаты бойынша не өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының бір бірлігіне төрттен аспайтын жеңілдік сертификаты бойынша қосылуы мүмкін.

Ескерту. 20-тармақ орыс тілінде жаңа редакцияда жазылды, қазақ тілінде өзгеріссіз қалды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.11.2022 № 697 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.11.2022 № 631 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

21. Жеңілдік мөлшерін айқындау үшін индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган өндірушілердің ұсыныстары негізінде Операторға экологиялық таза автомобиль көлік құралын, сондай-ақ экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіру жоспарын және келесі жылға автомобиль көлік құралдарының санаттары, сондай-ақ өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының түрлері бөлінісінде жеңілдік мөлшерін жібереді.

Оператор тиісті ұсыныс келіп түскеннен кейін он жұмыс күні ішінде индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның ұсыныстарын Оператордың қаржы мүмкіндіктері тұрғысынан талдайды. Оператор талдау қорытындысы бойынша жеңілдік сертификаттарының санын және автомобиль көлік құралдарының, сондай-ақ өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының санаттары бөлінісінде көзделген жеңілдік мөлшерін айқындайды және индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға келісуге жібереді.

Индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган Оператордан ұсыныстарды алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде онымен келіседі немесе Операторға ескертулер жібереді.

Оператор индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен келісу қорытындысы бойынша жеңілдік сертификаттарының санын және автомобиль көлік құралдарының санаттары, сондай-ақ өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының түрлері бөлінісіндегі жеңілдік мөлшерін келесі жылға Инвестициялық саясаттың тиісті бөліміне енгізеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға бес жұмыс күні ішінде келісуге жібереді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде, қабылданған Инвестициялық саясатты келіседі немесе, егер осы тармақта көзделген рәсімдер сақталмаса, оны мақұлдаудан бас тартады.

22. Оператор осы Қағидалардың 12, 20-тармақтарына сәйкес ұсынылған қаржыландыруды беру туралы өтініштерді келіп түсу тәртібімен тіркейді, қаржыландыруды беру туралы өтініштер келіп түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және оң шешім қабылданған жағдайда үш жұмыс күні ішінде өндірушіге қаржыландыруды береді.

Қаржыландыруды беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өндірушіні бас тартудың негіздемесін көрсете отырып, жазбаша түрде хабардар етеді.

23. Осы Қағидалардың 12, 20-тармақтарына сәйкес құжаттардың ұсынылмауы, сондай ақ тізбеде өнімнің (тауардың) болмауы қаржыландыруды беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

24. Оператор осы Қағидалардың 12, 20-тармақтарына сәйкес құжаттардың болмауын анықтаған жағдайда, өндірушінің осы бұзушылықтардың нәтижесінде алған қаражат Оператордың есеп айырысу шотына қайтарылады.

25. Осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің сәйкестігін растау мақсатында өндіруші осы Қағидалардың 12-тармағының екінші - сегізінші абзацтарында көрсетілген шығыс баптары бойынша жылына екі реттен көп емес тәуелсіз аудиторлық ұйымының қорытындысын ұсынады.

26. Өндірушілер Оператордың сұрауы бойынша автомобиль көлік құралдарының санаттары, сондай-ақ өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының түрлері бөлінісіндегі пайдаланылған жеңілдік сертификаттары туралы ақпаратты ұсынады.

27. Өндірушілер ай сайынғы негізде есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Операторға осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес экологиялық таза автомобиль көлік құралдары мен олардың құрауыштары, сондай-ақ экологиялық таза өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндірісті қамтамасыз ету жөніндегі есепті (өндіріс болған кезде) ұсынады.

Қазақстан Республикасында
экологиялық таза автомобиль
көлік құралдарының
(Еуразиялық экономикалық
одақтың техникалық
регламентінде белгіленген
экологиялық сыныпқа сәйкес
келетін; электр қозғалтқыштары
бар) және олардың
құрамдастарының, сондай-ақ
техникалық регламенттерде
айқындалған экологиялық
талаптарға сәйкес келетін
өздігінен жүретін ауыл
шаруашылығы техникасының
өндірісін ынталандыру
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

**Экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын және (немесе) оның құрамдастарын өндірушілер мен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы арасындағы үлгілік шарт**

_______ қаласы 20__ жылғы "___" _________

Осы Шарт бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын ___________________________ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (бұдан әрі – Оператор) және _______________ атынан __________________ негізінде әрекет ететін ________________________________ (бұдан әрі - өндіруші) арасында жасалған.

Тараптар осы Келісім өзінің шарттарын жүзеге асыруда олардың өзара құқықтары мен міндеттемелерін реттейтіні туралы келісті.

Тараптар төмендегі туралы осы Шартты жасасты.

**1-тарау. Шарт нысанасы**

1. Осы Шарттың нысанасы Тараптардың отандық экологиялық таза автомобиль өнеркәсібін дамытуға бағытталған Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) 870120101 (ершікті тартқыштар), 8702 (жүргізушіні қоса алғанда, 10 және одан да көп адамды тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары), 8703 (жүк-жолаушы автомобиль-фургондар мен жарыс автомобильдерін қоса алғанда, жеңіл автомобильдер және негізінен адамдарды тасымалдауға (8702 тауар позициясының моторлы көлік құралдарынан басқа) арналған өзге де моторлы көлік құралдары), 8704 (жүктерді тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары), 8705 (жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатындардан басқа, арнайы мақсаттағы моторлы көлік құралдары) тауар позицияларының экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын және олардың құрамдастарын өндіру кезінде өзара міндеттемелерді белгілеу және іске асыру бойынша өзара іс-қимылы болып табылады.

**2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

2. Өндіруші осы Шартты жасау және орындаумен байланысты даулы мәселелерді шешу үшін Оператормен кеңесуді талап етуге құқылы.

3. Өндіруші:

1) экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын және олардың құрамдастарын және олардың компоненттерін өндіруді қамтамасыз етуге;

2) Операторға Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және

олардың құрамдастарының, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ынталандыру қағидаларының 12 немесе 20-тармақтарына сәйкес қаржыландыру беру туралы өтінішті (Оператормен келісілген нысанда) және құжаттарды беруге;

3) Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын ( Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарын, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді ынталандыру қағидаларының 6 тармағында көрсетілген экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын және (немесе) олардың құрамдастарын өндірушілерге қойылатын талаптарды бұзу фактілері анықталған жағдайда оператор артық төлеген сомаларын қайтаруға және экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын және (немесе) олардың құрамдастарын өндірушілерге қойылатын талаптарды бұзу фактілері анықталған жағдайда, сондай-ақ өндіруші дұрыс емес не бұрмаланған мәліметтерді және деректерді ұсынған кезде растайтын құжаттар бірге қоса тіркелетін тиісті хабарламаны өндіруші Оператордан алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде Операторға ақша қаражатының қайтарылуын жүргізуге міндеттенеді.

4. Оператор осы Шартты жасау және орындаумен байланысты даулы мәселелерді шешу үшін Өндірушімен кеңесуді талап етуге құқылы.

5. Оператор:

1) қаржыландыруды беру туралы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын ( Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарын, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді ынталандыру қағидаларының 12 немесе 20-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды тексеруге және оң шешім қабылданған жағдайда үш жұмыс күні ішінде өндірушіге қаржыландыруды беруге;

2) қаржыландыруды беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарын, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін

ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді ынталандыру қағидаларының 23-тармағына сәйкес өндірушіні бас тартудың негіздерін көрсете отырып, жазбаша түрде хабардар етуге;

3) Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын ( Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарын, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді ынталандыру қағидаларының 6 тармағында көрсетілген экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын және (немесе) олардың құрамдастарын өндірушілерге қойылатын талаптарды бұзу фактілері анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, сондай-ақ дұрыс емес не бұрмаланған мәліметтер және деректер ұсынылған кезде өндірушіге аударылған ақша қаражатын қайтару қажеттігі туралы жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

6. Тараптар осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде оны іске асыру жөніндегі жұмысқа қатысты барлық құжаттар, ақпарат және есептер бойынша құпиялылық талаптарын сақтайды.

7. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімін алмастан, шарттың мазмұнына қатысты ақпаратты немесе құпия деп есептелетін және осы Шарттың ережелерін іске асыруға байланысты өзге де ақпаратты ашуға құқылы емес:

1) ақпарат сот талқылауы барысында пайдаланылған кезде;

2) осындай үшінші тұлға осындай ақпараттың құпиялылық талаптарын сақтау және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда және Тараптар айқындаған мерзімде ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат шарт бойынша Тараптардың бірінің қызметтер көрсететін үшінші тұлғаларына ұсынылған кезде;

3) осындай банк немесе қаржы ұйымы осындай ақпараттың құпиялылық талаптарын сақтау міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат банкке немесе шарт бойынша Тарап қаржы қаражатын алатын өзге қаржы ұйымына берілген кезде;

4) ақпарат кез келген ақпаратқа, оның ішінде өндірушінің кез келген банктік шоттарына жататын, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі шетелдік банктерде ашылған банктік құпия болып табылатын, Қазақстан Республикасының салық немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарына берілген кезде;

5) өндірушілерді ынталандыру көлемдері туралы деректерді жариялау арқылы қамтамасыз етіледі.

**3-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары**

8. Тараптардың ешқайсысы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелердің орындалмауы үшін, егер мұндай орындамау немесе орындау кезіндегі кідіріс еңсерілмейтін күштің мән-жайларымен тудырылса, жауапты болмайды.

9. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) жатады.

10. Еңсерілмейтін күш мән-жайлармен тудырылған Шарт бойынша жұмыстар толық немесе ішінара тоқтатыла тұрған кезде міндеттемелерді іске асыру мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары қолданысының мерзіміне ұзартылады.

11. Еңсерілмейтін күш мән-жайлар туындаған жағдайда олардан зардап шеккен Тарап олар туындаған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты оқиғаның басталу күнін көрсете отырып және мән-жайларды сипаттап, жазбаша хабарламаны тапсыру арқылы хабардар етеді.

12. Еңсерілмейтін күш мән-жайлар туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдың шешімін іздеу үшін дереу келіссөздер жүргізеді және осындай мән-жайлардың салдарын барынша төмендету үшін барлық құралдарды пайдаланады.

**4-тарау. Дауларды реттеу**

13. Тараптар арасындағы осы Шартты түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген дау консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

14. Реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

**5-тарау. Қорытынды ережелер, Шарттың күшіне енуі және қолданысын тоқтату**

15. Осы Шарт бір жылға дейін қолданыста болады және Тараптар шарттың талаптарын адал орындаған жағдайда автоматты түрде ұзартылады.

16. Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес түсіндіріледі және реттеледі.

17. _________ қалада 20___ жылғы_________ "___" әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде, заңды күші бірдей, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан екі данада жасалды. Осы Шарттың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

**6-тарау. Тараптардың деректемелері**

| Оператор | Өндіруші |
| --- | --- |
| ________________________ | ________________________ |
| ________________________ | ________________________ |
| Мөр орны<br>(болған кезде) | Мөр орны<br>(болған кезде) |

Қазақстан Республикасында
экологиялық таза автомобиль
көлік құралдарының
(Еуразиялық экономикалық
одақтың техникалық
регламентінде белгіленген
экологиялық сыныпқа сәйкес
келетін; электр қозғалтқыштары
бар) және олардың
құрамдастарының, сондай-ақ
техникалық регламенттерде
айқындалған экологиялық
талаптарға сәйкес келетін
өздігінен жүретін ауыл
шаруашылығы техникасының
өндірісін ынталандыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілер мен өндірушілердің ( импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы арасындағы үлгілік шарт**

_______ қаласы                20__ жылғы "___" _________

Осы Шарт бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын _________________________ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (бұдан әрі - Оператор) және ______________ атынан ________________ негізінде әрекет ететін ______________________________ ( бұдан әрі - өндіруші) арасында жасалған.

Тараптар осы Келісім өзінің шарттарын жүзеге асыруда олардың өзара құқықтары мен міндеттемелерін реттейтіні туралы келісті.

Тараптар төмендегі туралы осы Шартты жасасты.

## 1-тарау. Шарт нысанасы

1. Осы Шарттың нысанасы Тараптардың отандық техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін отандық өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы өндірісін дамытуға бағытталған Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) ____________________________________________ (атауы көрсетіледі) тауар позицияларының __________________________ өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіру кезінде өзара міндеттемелерді белгілеу және іске асыру бойынша өзара іс-қимылы болып табылады.

## 2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Өндіруші осы Шартты жасау және орындаумен байланысты даулы мәселелерді шешу үшін Оператормен кеңесуді талап етуге құқылы.

3. Өндіруші:

1) техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді қамтамасыз етуге;

2) Операторға Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарының, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ынталандыру қағидаларының 12 немесе 20-тармақтарына сәйкес қаржыландыру беру туралы өтінішті (Оператормен келісілген нысанда) және құжаттарды беруге;

3) Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын ( Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарын, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді ынталандыру қағидаларының 6 тармағында көрсетілген экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын және (немесе) олардың құрамдастарын өндірушілерге қойылатын талаптарды бұзу фактілері анықталған жағдайда оператор артық төлеген сомаларын қайтаруға және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерге қойылатын талаптарды бұзу фактілері анықталған жағдайда, сондай-ақ өндіруші дұрыс емес не бұрмаланған мәліметтерді және деректерді ұсынған кезде растайтын құжаттар бірге қоса тіркелетін тиісті хабарламаны өндіруші Оператордан алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде Операторға ақша қаражатының қайтарылуын жүргізуге міндеттенеді.

